

Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы № 143/18-III "Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесі туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 11 тамыздағы № 474/67-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2011 жылғы 25 тамызда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 692 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 250/36-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 250/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы № 143/18-III "Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесі туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2005 жылғы 1 шілдеде № 395 тіркелген, 2005 жылғы 5 шілдеде № 90 "Астана хабары", 2005 жылғы 9 шілдеде № 103-104 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін :

осы шешіммен бекітілген Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесінде:

15 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. "Астана қаласының құрметті азаматы" атағын иеленген азаматтар".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы **Х. Сәдуақасов**

Астана қаласының мәслихаты
хатшысының міндетін атқарушы **Е.Оспанов**

